**НАША ЗАДАЧА – СОХРАНИТЬ И РАЗВИТЬ ТРАНЗИТНЫЙ ПОТЕНЦИАЛ СТРАНЫ: МЫ СТРОИМ ДОРОГИ, МОДЕРНИЗИРУЕМ ПУНКТЫ ПРОПУСКА, И ВСЕ ЗВЕНЬЯ ЭТОЙ ЦЕПОЧКИ ДОЛЖНЫ РАБОТАТЬ МАКСИМАЛЬНО СОГЛАСОВАННО. КОНТЕЙНЕРНЫЕ ПОЕЗДА ДОЛЖНЫ ПРОХОДИТЬ С МИНИМАЛЬНЫМ ВМЕШАТЕЛЬСТВОМ, СОХРАНЯЯ СВОЮ ЦЕЛОСТНОСТЬ. В ЭТОЙ СВЯЗИ НЕОБХОДИМО ДО КОНЦА ГОДА ПРОРАБОТАТЬ ВОЗМОЖНОСТЬ СНИЖЕНИЯ ЧИСЛА ТАМОЖЕННЫХ ДОСМОТРОВ ДЛЯ ТРАНЗИТНЫХ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ ГРУЗОВ, СЛЕДУЮЩИХ ЧЕРЕЗ КАЗАХСТАН В ТРЕТЬИ СТРАНЫ.**

Серик ЖУМАНГАРИН,
вице-премьер – министр национальной экономики




# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

№99 (3138)
28/11/2025




## ҚТЖ НА СОВЕТЕ СНГ

**Руководство АО «НК «Қазақстан темір жолы» приняло участие в очередном заседании Совета по железнодорожному транспорту государств – участников СНГ, которое состоялось в Баку (Азербайджан).**

На пленарной сессии рассмотрены ключевые вопросы развития отрасли: повышение эффективности перевозок, цифровизация процессов и укрепление межгосударственного взаимодействия. Участие ҚТЖ подтвердило активную роль Казахстана в развитии транзитного потенциала и продвижении интеграционных инициатив на пространстве СНГ.

В рамках заседания также состоялся ряд двусторонних встреч с партнерами из стран СНГ и Европы.

В частности, глава ҚТЖ Талгат Алдыбергенов встретился с министром цифрового развития и транспорта Азербайджана Рашадом Наби оглу Набиевым для обсуждения деталей межправительственного соглашения о повышении статуса ТМТМ, вопросов увеличения объемов перевозок по маршруту, а также закупа у Азербайджана судов для перевозки грузов в Каспийском море, производства локомотивов на казахстанском заводе для нужд АЖД и т.д.

Одной из ключевых стала встреча с председателем ЗАО «Азербайджанские железные дороги» Ровшаном Рустамовым. Стороны обсудили актуальные вопросы развития ТМТМ, включая углубление сотрудничества в сфере мультимодальных перевозок. Казахстан и Азербайджан продолжат усиливать слаженность логистических решений, чтобы обеспечить стабильный рост транзитного потенциала между Азией и Европой.

Кроме того, прошли содержательные переговоры с начальником Белорусской железной дороги Валерием Вереничем. Обсуждались шаги по увеличению пропускной способности, синхронизации графиков движения поездов и упрощению пограничных процедур.

Во время встречи с председателем правления – генеральным директором АО «Эстонская железная дорога» Кайдо Циммерманном стороны рассмотрели перспективы взаимодействия в рамках мультимодальных маршрутов на северном направлении.

Вместе с тем руководство ҚТЖ приняло участие в заседании руководителей железнодорожных администраций стран СНГ и Балтии, а также состоялась встреча акционеров АО «ОТЛК ЕРА», на которой были рассмотрены стратегические векторы развития компании, включая усиление конкурентоспособности маршрута Китай – Европа – Китай, расширение доли контейнерных перевозок и внедрение интегрированных мультимодальных решений в рамках ТМТМ.

По итогам пленарного заседания Талгат Алдыбергенов сообщил азербайджанским масс-медиа, что за последние четыре года объем грузов, погруженных в направлении Азербайджана и принятых из этой страны по сети железных дорог Казахстана, вырос более чем в 7 раз. В текущем году за 10 месяцев этот показатель составил порядка 4,1 миллиона тонн.

Особый драйвер – транзит: из Китая по ТМТМ отправлено 292 контейнерных поезда, что на 12% больше показателей прошлого года. Начало работы казахстанско-китайского терминала в сухом порту Сианя позволило увеличить транзит из Китая по ТМТМ в 33 раза. Усилят позиции Казахстана на маршруте контейнерный хаб в порту Актау и логистический терминал ZHETYSU в Алматы.

Кроме того, благодаря рекордному урожаю в Казахстане АО «НК «ҚТЖ» увеличило поставки зерна в Азербайджан в 25 раз, перевезя уже 600 тысяч тонн. Этот прочный фундамент позволяет компании максимально наращивать темпы сотрудничества и дальше.

*Асель ШАЙХЫНОВА*

## КЕЛІССӨЗДЕР ЖҮРГІЗІЛУДЕ

**ҚТЖ Қытай мен Өзбекстан темір жолдарымен пойыздарды қабылдауды арттыру, тексеру рәсімдерін жеделдету және түйіспелердегі жүктемені түсіру бойынша келіссөздер жүргізуде.**

Осы жылдың қазан-қараша айларында Қазақстан – Қытай түйіспе пункттерінде ҚХР тарапынан пойыздарды қабылдаудың төмендеуі байқалды. Себебі Үрімші мен Бейжіңдегі астық жүктерінен сынама алу және зертханалық талдау жұмыстары ұзап, тексеру рәсімдері 5-10 тәулікті құрады. Қазіргі уақытта пойыздардың жиналып қалмауына жол бермеу үшін ҚХР-ға құрамдарды жөнелту Қытай тарапының қабылдаудың нақты мүмкіндіктерімен келісілген тәуліктік жүктеме шеңберінде жүзеге асуда.

Астықтың маусымдық экспортының 70%-ы Орталық Азия елдеріне, оның ішінде Өзбекстанға едәуір көлемде тиесілі. Өзбек темір жолының өткізу қабілеті кіретін жүк ағынынан едәуір төмен, бұл құрамдардың жиналып қалуына әкелді.

Бұдан басқа өткен маркетингтік жылы алыс шетелге астық экспорты кезінде көлік шығыстарын субсидиялауға 40 млрд теңге, яғни тоннасына 20-30 мың теңге өтемақы бағытталды. Биылғы жылы субсидиялар қолданылмайды, бұл Орталық Азия мен ҚХР елдеріне жеткізілімдердің қысқа бағыттарға қайта бағдарлануына әкелді. Бұл жекелеген шекара өткелдеріне және көрші елдердің инфрақұрылымына жүктемені күшейтті. Субсидиялауды қайта бастау экспорттық ағындардың бір бөлігін қайта бөлуге, ҚХР және Өзбекстанмен түйісулерге қысымды төмендетуге және астықтың неғұрлым біркелкі әкетілуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ҚТЖ-да астық тасымалдаушылар мен жабық вагондардың қажетті паркі жұмылдырылған, қажет болған жағдайда қосымша жылжымалы құрам тартылады. Мемлекеттік органдар мен бизнестің қатысуымен жағдайдың күнделікті мониторингін жүзеге асыратын Астық штабы жұмыс істеп жатыр.

*Ислам ТАЛҒАТ*



**Жомарт ШАПИШЕВ,**
Семей магистральдық желі бөлімшесі еңбек қорғау бөлімінің бастығы:

«СЕМЕЙ МАГИСТРАЛЬДЫҚ ЖЕЛІ БӨЛІМШЕСІНДЕ ӨЗГЕ ӨҢІРЛЕРДІҢ ӨНДІРІСТІК ОҚЫТУ ШЕБЕРЛЕРІ ДӘРІСТЕР ӨТКІЗДІ. БҮГІНГІ ТАҢДА ШЫҒЫСТАҒЫ ЖЕЛІ БОЙЫНША, ӘСІРЕСЕ ЖОЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ТАЛАПТАРЫН ӨРЕСКЕЛ БҰЗУ ФАКТІЛЕРІ ЖОҚ. ДЕСЕК ТЕ, МҰНДАЙ ОҚЫТУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ ҚАШАНДА ЗОР. ӘРДАЙЫМ ІЗДЕНІСТЕ ЖҮРУДІҢ БЕРЕРІ МОЛ»

**ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:**

СВЫШЕ
**220 млн**
ТОНН ГРУЗОВ ПЕРЕВЕЗЕНО ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫМ ТРАНСПОРТОМ ЗА 10 МЕСЯЦЕВ 2025 ГОДА.

С НАЧАЛА ГОДА В ПИЛОТНОМ ПРОЕКТЕ ҚТЖ ВЫДАНО
**109,2 тыс.**
ТРАНЗИТНЫХ ДЕКЛАРАЦИЙ ПО МАРШРУТУ КИТАЙ – КАЗАХСТАН – ЦЕНТРАЛЬНАЯ АЗИЯ.

ОБЪЕМ ПЕРЕВОЗОК ПО МАРШРУТУ ТМТМ ЗА 10 МЕСЯЦЕВ 2025 ГОДА СОСТАВИЛ
**2,6 млн тонн.**

**Үкімет**

## ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ ХАБТАРДЫ ДАМЫТУ СӨЗ БОЛДЫ

**Осы аптадағы Үкімет отырысының күн тәртібінде трансшекаралық хабтарды дамыту мәселесі қаралды. Президенттің Қазақстанды негізгі көлік-логистикалық торапқа айналдыру жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде елімізде бес ірі трансшекаралық хаб жүзеге асырылуда.**

**Ұлан ОРАЗ,**
Астана

Жиында сол трансшекаралық хабтарды іске қосу шикізаттық емес тауарлар экспортын 30%-ға ұлғайтуға мүмкіндік беретіні айтылды. Сауда және интеграция министрі Арман Шаққалиев бүгінгі таңда барлық бағыт бойынша басқарушы компаниялар анықталып, инфрақұрылымдар құрылысы қарқынды жүріп жатқанын баяндады.

– Бұл хабтарды іске қосу шекара маңындағы мемлекеттермен сауда процестерін едәуір жеделдетуге, шикізаттық емес экспорт көлемін 30%-ға арттыруға және қазақстандық компаниялар үшін тиімді логистикалық жағдайларды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, – деп атап өтті министр.

ҚР Көлік министрі Нұрлан Сауранбаев трансшекаралық хабтардың көлік инфрақұрылымымен қамтамасыз етілгенін жеткізді. Айтуынша, бүгінгі күні барлық трансшекаралық хабтар көлік инфрақұрылымымен қамтамасыз етілген. Атап айтқанда «Орталық Азия» өнеркәсіптік кооперациясының халықаралық орталығы бойынша «Дарбаза-Мақтаарал» жаңа теміржол желісінің құрылысы жалғасуда, ол 2026 жылы аяқталады. Еуразия трансшекаралық сауда орталығы келесі жылы пайдалануға берілетін Пойма станциясы арқылы теміржол желісіне жеткізіледі. Қорғас бағытында «Алтынкөл-Жетіген» теміржол учаскесін жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Жоба учаскенің өткізу қабілетін 25 млн тоннаға дейін арттыруға мүмкіндік береді.

– Жұмыстар 2026 жылы толығымен аяқталады. Каспий торабы аясында Ақтау және Құрық теңіз порттарын жаңғырту жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Жыл соңына дейін қытайлық Ляньюньган компаниясымен бірлесіп Ақтау портында контейнерлік хабтың 1-ші кезеңінің құрылысы аяқталады. Жалпы, жобаны жүзеге асыру кезінде контейнерлік хабтың қуаты жылына 200 мың ЖФЭ-ге дейін жеткізілетін болады. Сондай-ақ Ақтау портында порт акваториясын тереңдету, айлақтарды жаңғырту бойынша жобалар жүзеге асырылуда. «Құрық портында «Саржа» көпфункционалды терминалын салу жобасы жүзеге асырылуда. Каспий теңізі арқылы контейнерлік тасымалдарды ұлғайту үшін 2027 жылға дейін Әзербайжанда сыйымдылығы 700 контейнер болатын екі кеме сатып алу жоспарлануда. Сондай-ақ порттарға баратын теміржол желісінің өткізу қабілетін арттыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Аталған жобаларды жүзеге асыру Ақтау және Құрық порттарының өткізу қабілетін 30 млн тоннаға дейін арттыруға мүмкіндік береді, – деді Нұрлан Сауранбаев.

Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Иран Шарханның айтуынша, Қазақстанда бес трансшекаралық хабты дамыту үшін инженерлік және аумақтық база толығымен дайын. Негізгі алаңдар кеңейтілді, арнайы экономикалық аймақтардың жұмыс істеу мерзімі ұзартылды, ал базалық коммуникацияларды бірқатар нысанға жеткізу осы жылдың соңына дейін жоспарланып отыр. Жаңа логистикалық тораптардың құрамына төрт арнайы экономикалық аймақ пен екі индустриялық аймақ кіреді. Олар – «Хоргос – Шығыс қақпасы», «Хоргос» ХШЫО, «Ақтау теңіз порты» және «TURAN» экономикалық аймақтары және «Индустриалды сауда-логистикалық кешен» мен «Еуразия» индустриялық аймақтары.

Отырысқа қатысқан Маңғыстау облысының әкімі Нұрдәулет Қилыбай Ақтауда $300 млн-ға жаңа теңіз портын салу жоспарланып отырғанын, қазіргі уақытта инвестор компанияны өңірде тіркеп, енді инвестициялық келісімге қол қою үшін құжаттар дайындалып жатқанын жеткізді.

## ВАГОНЫ СЕРИИ «45» ОТ RWS WAGON

**Национальный перевозчик продолжает масштабное обновление пассажирского подвижного состава: до конца года парк компании пополнится 60 новыми вагонами серии «45», разработанными и изготовленными отечественным предприятием RWS Wagon при поддержке Фонда развития промышленности.**

**Айлин БАУРЖАН,**
Астана



Новая техника уже прошла сертификацию и соответствует современным требованиям безопасности и комфорта.

С начала 2025 года в парк национального перевозчика поступило 107 современных пассажирских вагонов – купейных, плацкартных и штабных, изготовленных петропавловским заводом RWS Wagon (ТОО «ЗИКСТО») серии «44». Всего за 2024-2025 годы компания получила 237 вагонов данного производителя. Поставка осуществлялась совместно с Фондом развития промышленности.

Уже сегодня новые вагоны курсируют по популярным маршрутам: Актобе – Атырау, Павлодар – Туркестан, Павлодар – Алматы, Кызылорда – Семей, Алматы – Саратов, Алматы – Өскемен, Астана – Кокшетау, Астана – Курорт-Боровое, Караганда – Астана. Пассажиры отмечают высокое качество интерьера, улучшенную шумоизоляцию и комфорт во время поездки.

Новая серия «45», поставка которой ожидается до конца года, представляет собой поколение вагонов с расширенным набором современных решений. Конструкция выполнена с учетом требований энергоэффективности и экологичности. Интерьер использует износостойкие материалы, внедрены система обеззараживания воздуха, трансформируемые спальные места, розетки USB и 220 В, Wi-Fi, климат-контроль, LED-освещение и современная теплоизоляция. Биотуалеты закрытого типа позволяют поддерживать санитарные стандарты на всем пути следования.

Вагоны оснащены системами видеонаблюдения, пожаротушения и центральной системой кондиционирования. Для комфорта пассажиров предусмотрены подсветка выходов, бегущая строка и аудиоинформатор. Конструкция с двухвагонным сцепом и однотамбурным решением позволяет обслуживать состав одной бригадой, что снижает эксплуатационные расходы.

Обновление парка является частью стратегической программы модернизации АО «Пассажирские перевозки». Сегодня компания обслуживает более 13,5 миллиона человек в год, располагая 2 225 единицами подвижного состава, включая вагоны «Тальго», стандартные пассажирские вагоны и электропоезда. С 2022 года обновлено более 50% парка, а к 2030 году планируется поставка еще 657 новых вагонов, включая продукцию Stadler и ЗИКСТО. Цифровизация остается одним из ключевых направлений развития: свыше 80% билетов оформляется онлайн, а сервис «лист ожидания» в 2024 году использовали более 182 тысяч пассажиров.

## СВЕРИЛИ ПЛАНЫ

**Взаимодействие участников рынка грузовых перевозок и дальнейшее развитие отрасли обсудили на заседании Подкомитета по железнодорожному транспорту Комитета логистики и перевозок НПП РК «Атамекен» в Астане.**




Заседание прошло с участием представителей АО «НК «ҚТЖ», Союза транспортников Казахстана «Kazlogistics» и других отраслевых ассоциаций, бизнеса и профильных государственных органов.

Участники подвели итоги работы подкомитета в течение года, отметив достигнутые результаты в части совершенствования нормативно-правовой базы, повышения прозрачности тарифообразования, улучшения логистических процессов и расширения диалога между бизнесом и отраслевыми регуляторами.

На заседании также представили проект плана работы на 2026 год. В документ включены задачи по дальнейшей модернизации железнодорожной инфраструктуры, оптимизации процедур перевозки грузов, развитию транзитного потенциала страны, а также предложения по цифровизации процессов взаимодействия между участниками перевозочного процесса. Во время обсуждения эксперты отрасли озвучили свои замечания и предложения, с учетом которых план планируется доработать.

В завершение встречи участникам представили актуализированный состав Подкомитета по железнодорожному транспорту, обновление которого направлено на усиление экспертного потенциала и расширение представительства бизнеса на диалоговой площадке «Атамекен».

*Любовь РОВБА*

## ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚҚА ҚАТЫСТЫ

**Қосұйым МҰҚАШЕВ,**
Атырау

АЙЛЫҚ

**Қозғалыс қауіпсіздігін сақтауда қауіпті жүктердің қоршаған ортаға зиян келтіруінің алдын алудың маңызы зор. Соған сәйкес қараша айында еліміздің барлық аумағында «Қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған жылжымалы құрамды техникалық бақылау» атты айлық жүріп жатыр.**



Атырау вагон пайдалану депосында осы тақырыпта станция мамандарымен бірлескен практикалық сабақ өтті. Оған Атырау, Ақжайық, Махамбет, Теңдік, Қарабатан станцияларындағы өндірістік-техникалық қызмет көрсету (ӨТҚК) пункттерінің басшылары, нұсқаушы, техникалық оқыту шеберлері, слесарь-жөндеуші, аға вагон қараушылар, инженер-технологтары, барлығы 20-ға тарта адам қатысты. Әрине салмақ та, жауапкершілік те алдымен вагон қараушыларға түседі. Теориялық сабақ барысында жылжымалы құрамның қауіпті заттарды тасымалдауын пайдалану бойынша нұсқаулықтар, пойызды жүріп бара жатқанда басқару, станцияларда вагондарды толықтай тексеріп шығу, стандартты емес жағдайларда вагоншылардың әрекеті қандай болуы керек деген сынды мәселелер айтылып, түсіндірілді.

Ал практикалық сабақ барысында депоның бас инженері Рашид Мұсабаев вагон-цистерна макеті жанында одан сұйықтық аққан кезде қалай әрекет ету керектігін көрнекті түрде көрсетіп, түсіндірді. «Вагон-цистернадан сұйықтық аққан жағдайда жоғарғы қақпақты ашып, штангаға ұшқын шығармайтын бұранда-ашқыш салып бұрап ағуды тыйып тастау керек. Содан соң тыйылғанына әбден көз жеткізген соң әрі қарай станцияға жіберуге болады. Осы жұмысты вагон қараушылар станция жұмысшыларымен бірлесе жасады, болғаннан соң жүк рейкамен өлшеніп, пломба салынып, акт форма ГУ-23 жасалады» дейді ол сабаққа қатысушыларға түсіндіру сәтінде. Практикалық сабақ барысында вагон қараушылардың өздері де макетті пайдаланып бұранданы бекітуді қайталап жасап көрді. Бас инженер Р.Мұсабаевтың айтуынша, осындай бірлескен техникалық оқу үнемі өткізіліп отырады және ол өте керек нәрсе. Өйткені мұндай практикалық сабақ ақауды тезірек тауып, бірлесе әрекет етуге жұмылдырады.

*Суретті түсірген автор*

## ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ АЛАҢЫ БОЛДЫ

БАЙҚАУ

**Қозғалыс қауіпсіздігі аясында Астанада өткен үш күндік байқау сала мамандарының өзара тәжірибе алмасу алаңына айналды.**



Компания басшысының орынбасары Марат Шәкеновтің қолдауымен өткен ауқымды іс-шараға 12 өңірден командалар қатысып, жаңа жобаларды талдап, интеллектуалдық ойындар мен тренингке қатысып, кәсіби дағдыларын шыңдады.

Үш күнге созылған басқосуда қауіпсіздік талаптарын жетілдіру, төтенше жағдайлардың алдын алу, қозғалыс қауіпсіздігі мәдениетін көтеру бағытында бірқатар маңызды мәселелер талқыланды. Сарапшылар өз баяндамаларында цифрландыру, ақпараттық бақылау жүйелерін жетілдіру және адам факторының тәуекелдерін азайту жолдарын атап өтті. Компанияның жетістігі экономикалық көрсеткіштерден бөлек қозғалыс қауіпсіздігі деңгейімен де өлшенетіні ақиқат. Сондықтан басқосуда талқыланған басты мәселенің бірі – бөлімшелерде әлі күнге дейін қолданылып жүрген ескі құрал-жабдықтарды заманауи цифрлық жүйелерге көшіру болды. Қатысушылар бұл бағытта өз ұсыныс-жобаларын ортаға салып, нақты шешімдер бойынша пікір алмасты.

Алматы өңірінен барған команда бұл бастаманы жоғары бағалап, осындай іс-шараларды қолдап, әрі қарай дамыту, жыл сайын өткізуді жолға қою қажет деп санайды. Ортақ ой, ортақ шешім тоғысқан жерде қозғалыс қауіпсіздігіне қатысты түйінді мәселелердің де шешімін табудың жолы табылатыны талас тудырмайды.

**Жаслан БЕКЕШЕВ,**
*қозғалыс қауіпсіздігі маманы,*
*Алматы*

# ҚАУІПСІЗДІКТІ КҮШЕЙТУГЕ КҮШ САЛУДАМЫЗ

**«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Ақтөбе ЖТ бөлімшесінің бас инженері Жасұлан Рсқалиевпен сұхбатымыз өңірдегі жүк айналымы, өндірістік көрсеткіштер және қауіпсіздіктің қамтамасыз етілу деңгейі, тағы басқа да бағытта өрбіді.**



Ақтөбе жүк тасымалы бөлімшесі Қостанаймен Әйтеке би станциясы арқылы, Орал бағытында – Семиглавый Мар, Орскі – Кемпірсай, Атырау облысымен – Сағыз станциясы, Маңғыстаумен – Тассай станциясы, ал Қызылорда облысымен Сексеуіл станциясы арқылы түйіседі. Осындай кең ауқымды теміржол байланысы Ақтөбе ЖТ бөлімшесін жүк және жолаушылар тасымалының қайнаған нүктесіне айналдырып отыр.

**– Жасұлан Шамғонұлы, 1833 шақырымға созылған Ақтөбе теміржолында қозғалыс қауіпсіздігін нығайту бағытында қандай жұмыстар атқарылуда?**

– Әрине, темір жолда қауіпсіздік – ең басты талап, қасиетті міндет. 2025 жылы Ақтөбе бөлімшесінде қозғалыс қауіпсіздігіне қатысты жұмыстар күшейтілді. Жоспардан тыс тексерулер, цифрлы бақылау жүйелері теміржол торабының жұмысын едәуір күшейтуге бағытталған. Биыл бөлімше бойынша қозғалыс қауіпсіздігіне қатысты 6 факт тіркелді. Бұл нақты үш оқиғаға сәйкес келеді. Көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда төмендегенімен (2024 жылы – 9 факт), келеңсіз жайттарды толық жою бағытындағы жұмыстар жалғасуда. Локомотив шаруашылығында да қауіпсіздік талаптары сақталмаған жағдайлар болды.

Осы оқиғалардан кейін бөлімше наурыз-сәуір айларында ерекше режимге көшіп, бақылау күшейтілді. Кезектен тыс тексерістер ұйымдастырылып, техникалық сабақтар белсенді форматта өткізілді.

Біз қозғалыс қауіпсіздігін арттыру бағытындағы шараларды үнемі жетілдірумен айналысамыз, қауіпсіздік талаптарын күшейтуге барынша күш салудамыз.

**– Жазатайым оқиғалардың алдын алу бойынша нақты қолға алынған шаралар қандай? Қауіпсіздікті арттыруда жаңа технологиялардың рөлі ше?**

– Қозғалыс қауіпсіздігін арттыру бағытында қолданылып жатқан заманауи технологиялар жоқ емес, бар. Соның бірі – тежегіш табандарды цифрлы қадағалау жобасы. Бұл бастама Ақтөбе станциясында пилоттық режимде іске қосылды. Жаңа жүйе бойынша тежегіш табандарға цифрлық таңба орнатылады. Арнайы жәшікке белгіленген 25 тежегіш табан тіркеліп, олардың қайда тұрғаны, алынғаны немесе алынбағаны туралы ақпарат автоматты түрде кезекшілердің компьютерінде көрінеді. Жоба жергілікті мамандардың бастамасымен әзірленіп, тамаша тиімділік көрсетіп отыр. Егер нәтижесі оң бағаланса, 2026 жылы бұл жүйені еліміздің өзге өңірлеріне енгізу жоспарланған.

Бұдан бөлек, жүк тасымалы кезіндегі жазатайым оқиғалардың алдын алу мақсатында да жобалар қолға алынған. 2023 жылы Орал станциясында пойыз құрастырушысы қаза тапқаннан кейін қауіпсіздік шаралары күшейтілді. 2024 жылы габаритті емес жүктер аймағына арналған арнайы индикациялық жүйе енгізілді. Бұл жоба жүк тасымалы саласындағы «үздік өнертапқыштық шешім» ретінде танылып отыр. Вагон шаруашылығында да жаңа жобалар әзірленуде. Қазіргі таңда оларды өндіріске енгізу бағытында пысықтау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Сондықтан ол туралы айтуға әлі ерте.

**– Бөлімшедегі жүк тасымалының биылғы көрсеткіші қандай?**

– Ақтөбе өңірінде жүк тасымалы көлемі жылдан жылға артып келеді. Қазіргі таңда жүктің саны мен сапасы бойынша жоспар толық орындалып отыр. Жүк тиеу мен түсіру жұмыстары да жүйелі түрде жүргізілуде. Нақтыласақ, 2025 жылдың қаңтар-қазан айлары аралығындағы эксплуатациялық көрсеткіштер бойынша Ақтөбе бөлімшесі жоспарлы межеден асып түсті. Жүк айналымы 21 180,1 млн тонна-км нетто деп жоспарланса, нақты орындалғаны – 23 599,8 млн тонна-км. Бұл жоспардың 103,3% орындалғанын көрсетеді. Ал 10 ай ішіндегі жүк тиеу көрсеткіші 102,3%-ға орындалды. Жалпы жүктің 94%-ы Қазақстан аумағындағы кәсіпорындарға тиесілі, ал 6% шетелге жіберілген.

Жалпы, өңірдің географиялық орналасуы теміржол арқылы құрылыс материалдарын тасымалдауға қолайлы. Мәселен, Бершүгір мен Мұғалжар тауларынан өндірілетін қиыршық тас еліміздің әр аймағына жөнелтіледі. Сонымен қатар Жем қаласындағы алтын кен орны мен Ембідегі Құндыз кенішінен алынған кен рудалары Кемпірсайда өңделіп, экспортқа шығарылады. Сонымен қатар Қазақстандағы жалғыз рельс зауыты да бізде. Жіңішке станциясы арқылы рельс өнімдері ел аумағына және экспортқа жөнелтіліп, шетелдік нарыққа да экспортталуда. Ақтөбеде өндірілетін рельстер ішкі нарықты толық қамтамасыз етіп отыр. Заманауи технологиямен жасалған рельстер сағатына 120 км жылдамдыққа төтеп бере алатын жоғары сапалы. Сондықтан жоғары жылдамдықтағы магистральдар үшін Ақтөбеден шыққан рельстер қолданылуда. Олардың сапасы Қазақстанның түрлі климаттық жағдайына төзімділігімен ерекшеленеді. Қысқасы, Ақтөбе өңірі рельс және құрылыс жүктерін тасымалдауда жетекші аймаққа айналып отыр.

**– Өңірде теміржолмен байланысты халықаралық инвестиция тартылған жобалар бар ма?**

– Аймақтағы өндірістік жобалардың бірі – Coca-Cola зауыты. Қазіргі уақытта оның құрылысы 41-разъезд аймағындағы экономикалық аймақта басталды. Қараша айында бұл жоба бойынша ҚР Премьер-министрмен, «ҚТЖ» ҰК» АҚ және жоба басшыларымен кездесу өтті. Жоба аясында шетелдік инвестициялар тартылып, зауыттың жүк тасымалы толықтай теміржол арқылы жүзеге асырылады. Сондай-ақ 41-разъезд станциясында шыны зауытының құрылысы да жоспарланып отыр. Бұл жобалар алдағы уақытта теміржол инфрақұрылымына жүктемені арттырмақ.

**– Әңгімеңізге рахмет!**

**Ардақ ЕРУБАЕВА,** *Ақтөбе*
*Суретті түсірген автор*

# ЖАБЫҚ ЖОЛ ҚАЙТА АШЫЛДЫ

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

**Арыс станциясындағы 1-ші және 2-ші аралықты жағалай орналасқан «Серпантин» деп аталатын жол учаскесінің тақ жолы ресми түрде қайта іске қосылды. Станцияға келген пойыздарды бірден «Д» паркіне жалғайтын бұл жол – өңірдегі теміржол саласының жұмысын оңтайландырып, пойыздарды сұрыптау үдерісін жеделдетуге бағытталған маңызды қадам.**

**Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,**
Шымкент



Нақтылап айтқанда, енді Шымкенттен келген пойыздардың «Д» паркіне тікелей кіру мүмкіндігі пайда болды. Яғни бұрынғыдай Арыс-2 арқылы өтіп, Арыс-1 станциясының орталық паркінде есепке алыну, тепловозға тіркелу және қайтадан «Д» паркіне жеткізу сияқты ұзақ әрі күрделі процесс енді қажет емес.

ПЧ-54 мекемесінің бас инженері әрі жобаның жүзеге асуына жетекшілік еткен Думан Додабаевтың айтуынша, жаңа жол вагон сұрыптау жұмысының технологиялық тізбегін толық оңтайландырып отыр.

– Бұрын пойыз станцияны аралап, қосымша маневрлер жасайтын. Бұл уақытты да, адам күшін де көп талап ететін. Вагондардың жылжып кетпеуіне байланысты башмак қою, оларды қайта жинау, вагон қараушылардың жұмысы – барлығы үлкен міндет еді. Ал енді пойыздар осы жол арқылы бірден «Д» паркінің сұрыптау дөңесіне кіріп келеді де, сол жерде дереу таратылып, тиісті пойыздар құрастырылады. Бұл – қызметтің тиімділігін арттырған озық технология, – дейді бас инженер.

1993 жылдан бері қолданылмай, қараусыз қалған бұл жол биыл толық қалпына келтірілді. Жөндеу жұмыстары Шымкент-Арыс-2 жолының 1-шақырымының 2-пикетінен бастап, 3-шақырымның 8-пикетіне дейінгі 2353 метр аралықты қамтыды.

Техникалық талаптарға сай болуы үшін учаскеге екі жиынтық бағыттағыш бұрма орнатылып, пойыздардың бір жолдан екінші жолға қауіпсіз өтуі қамтамасыз етілді. Ағаш шпалдар мен тозған рельстер, қиыршықтасы да толықтай алынып, жол түбегейлі қайта салынды. Айта кетейік, бір айға созылған құрылыс жұмыстарына өңірдің 100-ден астам теміржолшысы тартылды.

Жаңартылған бағытпен алғаш рет 57 вагоннан құралған 2057-ші пойыз жүріп өтті. Жаңадан іске қосылған «Серпантин» жолы пойыздарды тез әрі қауіпсіз сұрыптауды қамтамасыз етіп, Арыс торабындағы тасымалдау процесінің тиімділігін айтарлықтай арттырмақ.

*Суретті түсірген автор*

# ӨТКЕЛДЕРДІ ЖАҢАРТУ ЖАЛҒАСУДА

**Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесіне қарасты Маңғыстау жол дистанциясы аумағында орналасқан теміржол өткелдерінде жөндеу жұмыстары жалғасуда. Жыл басынан бері бірнеше жердегі өткелде жол төсемі ауыстырылды.**



**Шахида ЖҰМАН,**
Маңғыстау

Жұмыс қазан-қараша айларында жандана түсіп, үш өткел жөндеуден өткен. Дистанцияда өткелдер жағдайына жауапты мамандардың бірі, жетекші жол инженері Мұхтар Кульчанбаевтың айтуынша, бұл жұмыстар Маңғыстау – Өзен учаскесіне қарасты бекеттер аралығындағы 13, 179,73 шақырымдардағы теміржол өткелдеріне қатысты. «Р» бекеті – Боржақты станциясы аралығында 13-шақырымдағы өткелдің жарамсыз төсемдері алынып, жаңасы салынған. Жетібай – Өзен станциялары аралығындағы 179-шақырымдағы теміржол өткеліне жанасатын жол толықтай жаңартылған. Аталған жұмыстар жергілікті әкімдікпен бірлесе атқарылып, жаңадан асфальт төселген. Қарақия – Жаңаөзен станциялары аралығындағы 73-шақырымның өткелінде де осындай жұмыстар атқарылған. Өткелдегі ескірген төсем темірбетонмен ауыстырылған.

– Жыл басынан бері Тамақ бекеті мен Маңғыстау станциясы аралығында 399-шақырым, №16 – Тамақ бекеттері аралығында 388-шақырым, №15-16 бекеттері арасында 377-шақырым, Шетпе станциясы мен №14 бекет арасындағы 314-шақырымдағы өткелдерде әртүрлі жөндеу жұмыстары жасалды. Әр өткелде қажеттілігіне қарай ескі материалдар жаңасына ауыстырылып, тиісті жұмыстар атқарылды. Жөндеу барысында қозғалысты көп тоқтатып қоймау үшін керекті шаралар алынды. Мәселен, Өзендегі өткелді жөндеу кезінде жұмыс көлеміне қарай жол қозғалысы бір тәулікке дейін шектелсе, 13-шақырымдағы өткелде қозғалыс тоқтаған жоқ. Жолдың бір жағын жауып қойып жұмыс жүргізіп жатсақ, екінші жағын ашық қалдырып, автокөліктердің жүруіне мүмкіндік болды. Екінші тараптағы жөндеу барысында да солай болды, қозғалысты шектеген жоқпыз. Айта кететін жайт, бұл өткелдер автокөлік қозғалысы көп жолдарда орналасқан. Жақында осы және басқа да қозғалысы көп өткелдерде Маңғыстау, Мұнайлы, Қарақия аудандары және Жаңаөзен қаласындағы желілік полиция өкілдерімен бірлесе жол-көлік оқиғаларының алдын алу үшін профилактикалық жұмыстар жүргіздік, – дейді Маңғыстау жол дистанциясының жетекші жол инженері Мұхтар Кульчанбаев.

*Суретті түсірген автор*

№99 (3138) 28/11/2025

# ТРАНЗИТНЫЙ ПОТЕНЦИАЛ КАЗАХСТАНА

ПРОЕКТ

**Строительные работы на железнодорожном участке Кызылжар – Мойынты протяженностью 323 километра активно продолжаются и их планируется завершить в декабре 2026 года.**

**Светлана МОГАЙ,**
Караганда

На станции Мойынты ведется строительство цементной фабрики для заливки мостов.

– Для строительства используются железобетонные мостовые сваи, изготовленные на заводе из высокопрочного бетона. Они обладают высокой прочностью, трещиностойкостью, водонепроницаемостью и морозостойкостью, – рассказал начальник станции Мойынты Рамазан Бугенов.

Сваи будут размером три метра под землей и над землей около семи метров, в связи с этим необходимо большое количество цемента.

Строительство цементной фабрики для заливки мостов требует комплексного подхода, включающего проектирование, подготовку площадки, добычу сырья (известняк, глина), производство клинкера и цемента, а также организацию логистики для доставки цемента и бетона на стройплощадку. Использование свайного фундамента позволяет возводить здания на сложных грунтах при этом обеспечивается устойчивость и долговечная конструкция.

